

## Сауда мақсатында теңізде жүзуді дамытудың кейбір мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 1263 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1102 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.09.28 № 1102 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 ақпандағы N 267 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасында сауда мақсатында теңізде жүзуді дамыту тұжырымдамасына сәйкес, ұлттық сауда флотын құру және Ақтау теңіз портының мұнай құятын айлақтарын қайта жаңарту мақсатында, сондай-ақ Ақтау теңіз порты арқылы жүк тасқынын көбейту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . < \* >

**Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.16. N 408 қаулысымен .**

2. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі немесе жедел басқаруындағы мүлікті, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 наурыздағы N 336 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 10, 111-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі немесе жедел басқаруындағы мүлікті, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға беру ережесінде:

3-тармақта "Республикалық" деген сөз "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдері негізінде жүзеге асырылатын республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың стратегиялық маңызы бар объектілерін мүліктік жалға беру жағдайларын қоспағанда, республикалық" деген сөздермен ауыстырылсын .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК